

Назарова А.Ж.

**Түрікше фразеологизмдердегі
тотемдік образдардың бейнесі**

Түрік тілінің фразеологиялық қорында культтік-мифологиялық дүниетанымның ықпалымен, қоршаған дүние заттары мен табиғат құбылыстарына, аспан денелері мен жан-жануарларға табынудан туындаған культтік сөз орамдары әлі күнге дейін ұлт мәдениетінде көрініс тауып келеді. Бұл мақалада түрік тілінің фразеологизмдеріндегі тотемдік образдардың бейнесі қарастырылады.

Түйін сөздер: түрік тілі, фразеологизмдер, культ, культтік фразеологизмдер, тотем.

Nazarova A.Zh.

**Reflection totemic images in
phraseologisms of Turkish
language**

The culture of each nation – is not just a material way of life, way of life, folk songs and dances, what is usually attributed the revival of ethnic groups, also the spiritual world, including the myth of the origin of the universe, man, all living in this world, it is the understanding of life and death, family trees legends, traditions, rituals and customs that existed in the past in these tribes and peoples. In this article examined to the feature of phraseologicals in Turkish language.

Key words: Turkish language, phraseological unit, cult, cult phraseological units, totem.

Назарова А.Ж.

**Отражение тотемических
образов в фразеологизме
турецкого языка**

Культура каждого народа – это не только материальный быт, уклад, фольклорные песни и танцы – с чем обычно связывают процесс возрождения этносов, также и духовное мировоззрение, включающее в себя миф о происхождении Вселенной, человека, всего живого в этом мире, это понимание жизни и смерти, родословные предания, их традиции, обряды и обычаи, бытовавшие в прошлом у этих племен и народов. В этой статье рассматриваются особенности тотемов в фразеологизме турецкого языка.

Ключевые слова: турецкий язык, фразеологизм, культ, культовые фразеологизмы, тотем.

**ТҮРІКШЕ
ФРАЗЕОЛОГИЗМ-
ДЕРДЕГІ ТОТЕМДІК
ОБРАЗДАРДЫҢ
БЕЙНЕСІ**

Тіл – мәдениетті танушы құрал ғана емес, мәдениеттің арқауын құрап, негізін қалайтын, ұлттық рухтың ізін айқындап тұратын ұлы күш. Тіл рухының ұлы күші халықтың дүниетанымында, мінез-құлқында, әлеуметтік өмірінде сақталған. Өйткені, адам баласының ой-санасы арқылы жасаған еңбегі, мінез-құлқына сай табиғатын ашуы, өз танымына сай өмір салтын қалыптастыруы тұтастай бір мәдениеттің дүниеге келуінің үлкен себепшісінің бірі. Осылайша тіл, қашан да халықтық рухтың жемісі.

Ұлттық рухтың нағыз келбетін танытатын – бұл салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар. Этностың бар өміріне рухани азық болып, ұрпақ жалғастығына себепкер құбылыс болып отырған салт-дәстүрлердің ұлттық мәдениеттің бастауы екендігі күмән туғызбайды. Адамзат қоғамының дамуында ой-сананың жетілуі, әлеуметтік сананың өрлеуі, тіл – мәдениет – тарихтың тоғысуы маңызды көрсеткіш болып табылады.

Түркі тілдері тілдік қоры жағынан қазіргі әлем тілдерінің ішіндегі бай, әрі тілдік қолданыстағы аясымен өзіндік ерекшеленетін, санадағы мәліметті тұрақты сөз орамдары арқылы жеткізуге мүмкіндік беретін, бір ойдың астарын сан алуан сөздердің тіркестері арқылы жеткізе білетін, қанатты сөздер мен нақыл сөздерге, мақал-мәтелдерге, тұрақты тіркестер мен құнарлы сөз бірліктеріне, сөйлем жүйелері мен сөйлемшелерге өте бай. Сол тілімізде көрініс табатын, халқымыздың ұлттық әрі рухани ерекшелігін айқындап көрсететін, этностық сана мен дүниетанымға тән, тіліміздегі құлаққа жағымды әрі шұрайлы, жүйеленген тілдік бірліктердің тек бірі ғана емес, бірегейі – тұрақты сөз тіркестері.

«Фразеологизмдер – тіліміздің ажырамас бір бөлігі. Тілімізде жағымды, көкейге қонымды, көркем орамды алуан түрлі тұрақты сөз тіркестері баршылық. Тіл қазынасына жататын қатқабат тіркестер мен тізбектерді халық орынды пайдаланады. Мақал-мәтелдермен бара-бар жоғары бағалай отырып, оларды кастерлей сақтап келеді» [7, 230].

«Фразеологизмдер – тіл иесі этностың, күллі қоршаған әлем жайлы пайымдаулар мен тұжырымдардың, өзін қоршаған шындық болмысты тұтастай қабылдауы мен тануының өзіндік ерекшеліктеріне қатысты әрбір тілде ғаламның тілдік бейне-

сін, дүниенің тілдік суретін жасауға қатысатын әсем әрі әсерлі сөз өрнектері. Бұл халықтың тұрмыс-тіршілігі мен күнделікті өмірін, сан алуан қырлары мен дүниетанымын, талғамын, мінез-құлқы мен сана-сезімін, наным-сенімдері мен салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын толығымен танытатын тұрақты тілдік орамдар болып табылады» [8, 73].

Түркі тілдері фразеологиялық қорында қоршаған дүние заттары мен табиғат құбылыстарына, аспан денелері мен жан-жануарларға табынудан туған, яғни культтік-мифологиялық дүниетанымның ықпалынан пайда болған фразеологизмдер баршылық.

Мәдениеттің өзекті саласы әрі діңгегі – дін. Дін тарихын білмейінше, белгілі бір аймақты мекендеген ұлттың тұрмыс-тарихын, күнделікті өмірін, мәдени болмысының қыр-сырын терең танып, білу мүмкін емес. Кез-келген мәдениеттің рухани бастауларын, оның дүниетанымын ұғыну үшін, мәдени тұтастықтағы діни жүйелерді тереңінен талдап, зерделеудің маңыздылығы зор. Ежелгі мәдениет танымында, дін мәдениеттің тек басты емес, сондай-ақ, мәдениеттің бүкіл салаларын қамтып жатқан діңгегі.

Көне түркілердің генеологиялық сипаттағы мифтері, сондай-ақ, тотемистік нанымдардың да генотиптік тұрпатта болғандығын айқындайды. Түркі халқының ұйытқысы болған ашин тайпасының өкілдері өздерін Көк бөрінің ұрпақтарымыз деп санаған. Сол себептен де, түркі халықтарының культтік дүниетанымының тағы бір қыры тотемизм нанымымен байланысты.

Тотемизм – адам мен табиғаттың өзіндік тұтастығын түсінудің тәсілі болды, оған сәйкес дүниедегінің барлығы туыстас, түп-тамыры бір, табиғатта ұлы айналым орын алған, сол себептен де, мифтік дүниетанымда тірі мен өлі арасында, адам мен жануар арасында бөліп тұратын құз жоқ. Табиғат құбылыстарында ұлы күш, құдірет бар деп ұғыну, оның өз заңдылығына сай дамуына, түрлі құбылыстар мен заттар мәніне қол сұқпау, көшпелілердің негізгі дүниетанымдық ұстындарының бірі болды.

Тотемизм – бір тұстан алып қарағанда, адамзат қоғамының мүшелері, екінші жағынан, белгілі өсімдіктер немесе жануарлар, жансыз заттар арасында туыстық қатынас бар дейтін түсінік. Қысқасы, хайуанаттар мен өсімдіктердің, табиғат құбылыстары мен материалдық заттардың белгілі бір типіне ру-тайпалардың ата тегі, жарылқаушысы деп тану тотемизмдік белгі болып табылады.

Көне түркілердің генеологиялық сипаттағы мифтері, сондай-ақ, тотемистік нанымдардың да генотиптік тұрпатта болғандығын айқындайды. Түркі халқының ұйытқысы болған ашин тайпасының өкілдері өздерін Көк бөрінің ұрпақтарымыз деп санаған. Сол себептен де, түркі халықтарының культтік дүниетанымының тағы бір қыры тотемизм нанымымен байланысты.

I. Кеңесбаевтың фразеологиялық сөздігінде «көкжал бөрі» тіркесі үлкен әрі арлан қасқырды атап тұрса, екінші бір тұстан адам баласының бойындағы батырлық пен ерлік, қайсарлық қасиеттерді бейнелеп көрсетеді [1, 267]. Сондай-ақ түрік халқында да көк бөріге байланысты мына фразеологизмдер бар: «*Kurdunu kırtak*» (Курдуну кырмак) – мағынасы: Қалаған нәрсесіне қол жеткізу; «*Aç kurt gibi*» (Аш курд гиби) – мағынасы: Аш қасқырдай, азулы, ашулы; «*Kurdunu döktmek/ kırtak*» (Курдуну дөкмек/ кырмак) – мағынасы: Көптен бері жасамаған нәрсесін жасау; «*Kurt masalı okumak*» (Курд масалы окумак) – мағынасы: Алау, сендіру; «*Kurt katurın pahasını sormaz*» (Курт катарын пахасыны сормаз) мағынасы: Сөз тыңдамайтын балаларға айтылады; «*Kurt dumanlı günü sever*» (Курд думанлы гүнү север) – мағынасы: Қасқыр тұманды күнді жақсы көреді; «*Kurt ağzı bağlamak*» (Курдун ағзы багламак) – мағынасы: Қорғансыз қалған жан-жануарларға жәрдем көрсету; «*Kurt kocaуınca köpeklere maskara olur*» (Курд кожайынжа көпеклере маскара олу) – мағынасы: Күш-қайраты кету; «*Kurt gibi*» (Курд гиби) – мағынасы: Өз ісінің маманы және т.б.

Жан-жануарлар культінен бөлек, ертедегі адамдар күн көзінен тарайтын жарық пен жылу-сыз тіршіліктің болуы немесе мал мен жанның өсіп-өнуі мүмкін емес деп білген. Күн де тотемдік Тәңірлердің бірі болып саналады. Ертедегі адамзат түсінігі бойынша, күн көзінің жер бетін қыздырып немесе күйдіріп жіберуі, Күн күркіреп, найзағай ойнауы, нөсер құйып, бұршақ жаууы, аспан әлемінде дауыл соғып, боран болуы – барлығы да Күн көзінің қас-қабағына орай туған құбылыстар деп білген. Мәселен, қазақтар Күннің күркірегенін Тәңірінің қаһарланған даусы деп санап, алғаш күркіреуді естігенде «*сүт көп, көмір аз*» деп үйдің айналасын ожаумен қағып отыратын болған. Ә.Қоңыратбаев бұл тұста: «Күнге табыну – ежелгі түріктер мен қыпшақтар жасаған ата-анаға, әскерге, я да, кемеңгер адамдарға арналған тас мүсіндерге айқын суреттелген. Тас мүсіндерді күн шығысқа қаратып қойған. Қазақтарда айтылатын «*Жер-Су*», «*Жер-*

Ұйық», «Тәңірі тауы», «Хан Тәңірі» ұғымдары – соның айқын дәлелі» [4,187].

Ертедегі сақ, ғұн, үйсін тайпаларының да күнге табынғандығы туралы тарихи деректер мұның бір көрінісі. Мәселен, Қ. Ғабитханұлы көне замандарда қытай мемлекетіне көршілес аумақтарда мекендеген хұн (ғұн) тайпасы атауының түрлі деректер негізінде, «күн» сөзі «хун» сөзімен байланысты болуы мүмкін деген ойды өрбітеді [3, 21].

Түркі тілдеріндегі Күн тотемімен байланысты фразеологизмдер көбіне табиғат құбылыстарын, уақыт-мерзімді бейнелеу үшін жұмсалады. Мәселен, қазақ халқында: «*Күн артынан күн өтті, күн байыды*» (тілімізде «киелі» зат, қимыл әрекетті тікелей атамау: баланы «күл шашар»; шешек, қызылшаны «әулие»; мал таусылды дегенді «мал байыды», күн батты демей «күн байыды»), «күн ұясына кірді», «күн қабағы», «күн демей, түн демей», «күн еңкейді», «күн жауды», «күннен қыз тудырды», «басына күн туды», «күні бітті», «күні қара» сияқты тіркестермен қатар, түрік халқында: «*Gün görmek*»; «*Gün görmüş*» (Жақсылық, қуаныш, бақыт көру мағынасында) және т.б тіркестер де кездеседі.

Өзіндік тотемдік сыры мен тәңірлік қасиеті бар культтің бірі – *От*. Матриархалдық қоғамда әйел затының басты міндеттерінің бірі ошақтағы отты сөндірмей ұстау болған, мұндан отты әйел – Құдай кейпінде бейнелеумен байланысты тұжырымдар бар. Тіпті, ерте заманнан-ақ, жаңа түскен келіншек есіктен кіре бергенде, бірден тізесін бүгіп, от басына сәлем берген. Отқа май құйып, бірнеше рет отқа басын иіп, «*От ана, май ана, жарылқай гөр!*» деп тілек тілеген. Бұл тұста, қазақ халқының майды да тотем деп танығандығы байқалады.

Түркі халықтары отты қадірлеп, ошақты да, оттың күлін де қатты құрметтеген, мұнда кие бар деп, оттың орнын, күлді басуға тыйым салған. Ежелден ел бір жұртқа көшкен тұста, жұрттың орнына от жағып, адамды да, малды да екі оттың арасынан өткізіп, «*Алас, алас, түрлі пәледен қалас, тазарт бізді әр пәледен*» деп аластаған. Тіпті, түркі халықтарының отпен тазартып, аластағаны жайлы Византиялық тарихшы Менандр да жазған. Мұндағы аластаудың мәні – адамды арам пиғылдан, жаман ойдан арылту. Сол себептен, от – түркі халықтарының түсінігінде рухани тазарту бастауы болған.

Мифологияға сүйенсек, от – болмысты ұйымдастырушы бастау, аспан мен жердің бөлінуі барысында туындап, сол арқылы өмірдің сан алуан бітімдеріне бастау береді. Ол ғарыштың үш

бөлігін біріктіріп, оған бір тұтастық сипат беріп тұрған стихия, Жер-Су секілді от та болмыстағы барлықты жандандырушы, жаңғыртушы бастау, тіршілік көзі болып табылады. Сондай-ақ, ер жүрек әрі батыл, жігерлі әрі қайратты адамдарды қазақтар «*көзінде оты бар адам*» деп атауының өзі жай емес. Бұл пайымдаулар дүние Су, Ауа, Жер және От секілді төрт элементтен бастау алады деген ежелгі натурфилософиялық тұжырымдармен байланысты.

Түркі халықтарында отпен байланысты қалыптасқан тіркестер баршылық. Мәселен, қазақ халқында: үй иесі деген мағынада, отты үйдің шамшырағы әрі жарылқаушысы деп, «*от*» және «*аға*» сөздерінің бірігуі арқылы жасалған «*отаға*» сөзі, я болмаса, «*Оты өре жанбады*» – жолы болмай, бақыты ашылмады мағынасында; «*Отының басынан, ошағының қасынан бер!*» – алыстан тілендірме, жалындырма деген мағынада айтылатын тілек; «*Ошақтың үш бұтынан сұраймын*» – отбасының, үй іші мен балашағаның амандығын тілеймін деген мағынаны береді. Ал, түрік тілінде: «*Ateş saçmak*» (*Атеиш сачмак*) - мағынасы: Қатты ашулану, «*Ateş almak*» (*Атеиш алмак*) - мағынасы: Тұтану, жану; шабыттану, шаттану, қозу, «*Ateş basayı (saçağı) sarmak*» (*Атеиш бажайы (сачағы) сармак*)- мағынасы: Алдын алуға мүмкіндігі болмаған қауіп-қатерге тап болу, «*Ateş gibi*» (*Атеиш gibi*)- мағынасы: оттай ыстық; алғыр, озат, енті; қып-қызыл, «*Ateş gibi kesilmek*» (*Атеиш gibi кесилмек*) – мағынасы: Күтпеген жерде болған жағдайда ашулану, қаны басына шабу, «*Ateş gibi yantmak*» (*Атеиш gibi ианмак*), «*Ateşi yükselmek*» (*Атеиш иүекселмек*), «*Ateş kesilmek*» (*Атеиш кесилмек*) (Ашулану, булуғу; еңбек-қор, енті болу), «*Ateş kesmek*» (*Атеиш кесмек*) – мағынасы: Оқ атуды тоқтату, «*Ateş püskürmek*» (*Атеиш пүскүрмек*) – мағынасы: Қатты ашулану және т.б. сияқты тіркестер кездеседі.

Бұл мысалдардан, фразеологизмдердің тамыры тереңде жатқандығын, түп-төркінінің әріге баратындығын көреміз. Адам баласы сонау аспан мен жерге, от пен суға табынған шағында-ақ талай затты киелі санап, пір тұтып, оларға өзіндік ат қойған. Ежелден қалыптасқан наным-сенімдер бойынша сан алуан жарылқаушылар мен қорғаушы «иелерге» сиынып, «*От ана, май ана, жарылқай!*», - деген. «*Отқа май құю*» тіркесі де ислам діні тарамыстан бұрын қалыптасып, шаманизм түсініктерінен туындаған тіркестердің бірі.

Түркі халықтары ертеден ай, күн, жұлдыз секілді аспан денелеріне де құрмет көрсетіп, сыйынған.

Аспан денелерінің бірі – Ай. Ш.Уәлиханов: «Қырғыз халқы ай жаңасын көргенде, қара жерге маңдайын тигізіп бас иіп, жаз болса, сол маңдайын тигізген жердің шөбін алып, үйіне әкеліп, отқа тастайды», – дейді [2, 75]. Ғ.Мұсабаев қазақтар туған айды көргенде: «Ай көрдім, Аман көрдім! Ескі айда есірке; Жаңа айда жарылқа!», – деп бата тілеп, «шөп жұлып, үйдің босағасына тастамаса, ай да тотем екенін білмейтін едік», – дейді [3, 89].

Ай түркі халықтарындағы киелі де қасиетті планета, сол себептен де, «айға» тәжім еткен, айға ұзақ қарап тұрмаған, дәрет сындырғанда да бетін «айға» қаратып отырмаған, «айды» саусақпен де көрсетпеген, әрқашан оны қадірмен ауызға алатын болған. Ай – халық түсінігінде сұлулық пен нәзіктіктің символы. Ажары асып тасыған сұлу қызды «он төртінде туған айдай», я болмаса, «ай десе – аузы, күн десе – көзі бар» деп айтқан. Мифологиялық тұрғыдан қарастырсақ, Ай мен Күн сұлулығы бірінен-бірі асқан қыздар екен. Сөйтсе де, Ай сұлуырақ болған екен. Айдың ажары өзінен асқанын қызғанып, Күн оның бетін тырнап алыпты-мыс. Содан бері Ай бетіндегі дақтардың да қалуы осыдан екен. Сондай-ақ, түркі халықтарындағы аймен байланыстырып айтылған фразеологизмдерге көз жүгіртсек, түрік тілінде: «*Ay basarı aştı*» (Ай бажайы ашты) – мағынасы: Бір нәрсенің жасалуы керек болған уақыт соңына таяды, «*Ay dedeye misafir olmak*» (Ай дедейе мисафир олмақ) – мағынасы: Кеішті ашық далада, айдың жарығында өткізу, «*Ay parçası*» (Ай парчасы) – мағынасы: Әйел адамның сұлулығын айтқан жағдайда, «*Aya sen doğma ben doğuyorum*» (Айа сен доғма, бен доғуйорум) – мағынасы: Сұлулықты ай сұлулығымен салыстыру, «*Aydan arı, günden (sudan) duru*» (Айдан ары, гүнден (судан) дуру) – мағынасы: Ашық, таза, сұлу, «*Ayin on dördü gibi*» (Айын он дөрдү gibi) [6] – мағынасы: Жүзі сүйкімді, сұлу және т.б. сияқты фразеологизмдер, айтылған тұжырымдардың бірден-бір дәлелі іспеттес. Ал, қазақ халқында «Айдың да жартысы жарық, жартысы қараңғы»; «Ай тұса да соның бағына, Күн тұса да соның бағына»; «Ай түнде керек, ақыл күнде керек»; «Ай жарық – қоян арық», т.б. мақал-мәтелдер, «Ай құлақтанса – аяғыңды сайла, Күн құлақтанса – күрегіңді сайла» секілді ырымдар Айға табынудың бір көрінісі екенін дәлелдей түседі.

Ертеден бабаларымыз жұлдыз да адамның тағдырын шешеді деп түсінген. Мәселен, түркі халықтарының ұғымында аспан жұлдыздарының, Темірқазық, Үркер, Жетіқарақшы, жер үс-

тіндегі заттармен байланысы болған. Күн батып, түн қат жол жүрген жолаушылар жолдың бағыт-бағдарын Темірқазыққа қарап білетін болған. Түркі халықтарының наным-сенімдері бойынша, Жетіқарақшы күндіз ұрлық жасап, түнде күнәсін мойындаған жеті ұрының жаны, сол себептен де, олар өлгеннен кейін жеті жұлдызға айналып кетіпті-міс делінеді. Жетіқарақшы көне түркі тілінде «*Жетіген*», қырғызша «*Жети арқар*». Жетіқарақшының жанында Үркердің ұрланған қызы бар, Үркер ұрланған қызын құтқарып алу үшін, Жетіқарақшыны қуып барады. Осылайша, адамдар Үркерге қарап, түн мезгілі мен жыл мезгілін айырып отырған. Ш.Уәлиханов: «Жұлдыздың халық арасында мифтік сыры бар, адам тағдырына әсер етеді», – дейді [2, 99]. Мәселен, тағдыры сүйген бақытты адамды қазақ халқы «жұлдызы жоғары адам» деп атауының өзі жай емес, немесе түрік тілінде: «*Yıldız (yıldızlara) kement atmak*» (Йылдыза кемент атмақ) – мағынасы: Қолы жетпейтін дүниелер жайлы арман-қиял құру, «*Yıldızı dişi*» (Йылдызы диши) – мағынасы: Барлығына сүйкімді болып көріну, «*Yıldızı düşkün*» (Йылдызы дүшкүн) – мағынасы: Жолы болмау, «*Yıldızı parlamak*» (Йылдызы парламақ) – мағынасы: Жұлдызы жарқырау, биік жетістіктерге жету, «*Yıldızı sönmek*» (Йылдызы сөнмек) – мағынасы: Үміті таусылу, жолы болмау, «*Yıldızına bakmak*» (Йылдызына бакмақ) – мағынасы: Біреудің болашағын болжау, көру, «*Yıldızları barışık olmak*» (Йылдызлары барышық олмақ) – мағынасы: Сана-сезімі, ой-өрісі, көзқарастары ұқсас болу, «*Yıldızları barışmak*» (Йылдызлары барышмақ) – мағынасы: Араларындағы түсініспеушіліктердің шешілуі [5].

Жалпы, түркі халықтарында, Ай, Күн, Жұлдыздардың тотемдік қызметінің әсері нәтижесінде, бұларға байланысты қалыптасқан тұрақты сөз тіркестері сөйлеу тілінде болсын, жазба әдебиетте болсын кең ауқымда қолданылады. Мәселен, «ай тұтылу», «бетін айдай қылу», «ай қарап отыр ма (жүр ме)», «айың оңыңнан тұсын», «алдыңнан күн, артыңнан ай тұсын», «алдыңнан ақ күн тұсын», «жұлдызың жоғары (биік) болсын», «толған айдай толықсып», «жұлдызы туып оңыңнан» т.б.

Сондай-ақ, әлі күнге дейін Ай, Күн, Жұлдыз тотемдерінен туындаған есімдер мен атаулар да баршылық: қазақтардағы, *Айдана, Айсұлу, Айгүл, Айнұр, Айман, Шолпан, Айшолпан, Таңшолпан, Шолпанай, Күнсұлу, Күнзада, Жұлдыз, Жұлдызай*; түрік халқындағы: *Ayçıl, Ayfer, Aypare, Ayper, Aysel, Aysıl, Aysule, Ayten, Aysima, Aysu,*

Aysuda, Ayşu, Ayta, Aytün, Ayüüz және т.б. сияқты.

Түрік халқының ұлттық мәдени өмірінің көрінісі олардың сөздік құрамының елеулі бөлігін қамтып тұрған халықтар өмірінің айнасы – фразеологиялық қорынан айқын байқалады. Фразеологизмдер ұлттық мәдени аса жоғары деректерден құралады. Әрбір тілде сол тілді қолданушы халықтың мәдени өмірі жайлы хабар беретін фразеологизмдер көптеп кездеседі, олардан сол халықтардың дағдылы қалыптасқан дүниетанымы, ұлттық ерекше ойлау жүйесі, терең даналығы аңғарылады.

Кез-келген тілдік құбылыстар мен үрдістердің табиғатын оның тек тілдік қағидалары мен заңдылықтарына ғана сүйеніп қана қоймай, емес, сондай-ақ, бірнеше халықтың болмысы мен дүниетанымына, мінез-құлқына, салт-жоралғылары мен әдет-ғұрыптарына да байланыстыра отырып қарастыру этнолингвистика мен лингвомәдениеттану пәндерінің ортақ заңдылығы екені рас. Тіл мәдениеттің кө-

рініс табар бірден-бір қайнар көзі, сондықтан, әрқашанда мәдениетпен тығыз байланыста болады. Тілдік ерекшеліктерді жан-жақты зерттеп-зерделеу, рухани мәдениеттің қандай да болмасын өзіндік құбылысын, сол ұлт ерекшеліктерінің қайнар көзі мен құндылықтарын танып білуге негіз болмақ.

Түрік тілінің фразеологиялық қорында культтік-мифологиялық дүниетанымның ықпалымен, қоршаған дүние заттары мен табиғат құбылыстарына, аспан денелері мен жан-жануарларға табынудан туындаған культтік сөз орамдары әлі күнге дейін ұлт мәдениетінде көрініс тауып келеді. Этнолингвистика және лингвомәдениеттану салаларының басты зерттеу нысанына айналып отырған, бұл түркі халықтарының культтік лексикасы қазіргі таңға дейін сыры ашылмаған өзекті тақырыптардың бірі. Сондықтан өзіндік терең тарихы бар түркі тілдерінің культтік лексикасы әдеби тіліміз бен ұлттық мұрамызға тарихи негіз болады.

Әдебиеттер

- 1 Кеңесбаев С.К. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977.-711.
- 2 Уәлиханов Ш. Шаман дінінің қазақ арасындағы қалдықтары// Мақалалары мен хаттары. Алматы, 1949. 588.
- 3 Ғабитханұлы Қ. Наным-сенімге байланысты қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер: фил.ғыл.канд. диссерт. – Алматы, 1995. 182 б.
- 4 Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы мен түркология. Алматы: Ғылым, 1987. 368б.
- 5 Ali Püsküllüoğlu. Türkçe Deyimler Sözlüğü –İstanbul: Serhat Yayınevi, 2010.-570 s.
- 6 Türkçe Deyimler Sözlüğü –İstanbul: Bahçeşehir Yayınları Yayınevi, 2008.-350 s.
- 7 Кеңесбаев І., Мұсабаев Г. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. Алматы: ҚазмемОПБ, 1962. 312 б.
- 8 Болғанбаев Ә., Қалиұлы Г. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы: Санат, 1997. 206 б.

References

- 1 Kenesbayev S.K. Kazak tilinin fraziologiyalyk sozdygy. - Almaty; Gylym, 1977.-711p.
- 2 Ualihanov Sh. Shaman dininin kazak arasyndagy kaldyktary.//Makalalary men hattary. Almaty, 1949. 588 p.
- 3 Gabithanuly K. Nanim-senimge bailanysty kazak tilindegy turakty tirkester: Fil.gyl.kand. dissert. – Almaty, 1995. 182 h.
- 4 Konyratbayev A. Kazak eposy men turkologiya. – Almaty: Gylym, 1987. 368 p.
- 5 Puskulluoglu Ali. Turkçe Deyimler Sozluđu –İstanbul: Serhat Yayınevi, 2010.-570 p.
- 6 Turkçe Deyimler Sozluđu –İstanbul: Bahçeşehir Yayınları Yayınevi, 2008.-350 p.
- 7 Kenesbayev S.K., Musabayev G. Kazirgy Kazak tili. Leksika. Fonetika. – Almaty: KazmemOPB, 1962. 312 p.
- 8 Bolganbayev A., Kaliuly G. Kazirgy Kazak tilinin leksikologiyasy men fraziologiyalyasy. – Almaty: Sanat, 1997. 206 p.